

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

ӘОЖ 94(574):9-05
МРНТИ:03.20

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.20>

А.Ә. Якуб^{1*}, Р.М. Купбаева², Қ.М. Шекербеков³

¹аға оқытушы, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Шымкент қ., Қазақстан

²аға оқытушы, Шымкент университеті, Шымкент қ., Қазақстан

³аға оқытушы, Шымкент университеті, Шымкент қ., Қазақстан

E-mail: shkm_79@mail.ru

АЛАШ БАСПАСӨЗІНДЕГІ МУЗЫКА ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Мақалада отаршылдық кезеңіндегі мерзімді басылымдардағы, Кеңестік Қазақстандағы Алаш баспасөзіндегі музыка мәселесі біршама зерттеп-зерделеніп, Тәуелсіздік дәуіріндегі «Рухани жаңғыру» үдерісінің тарихи сананы жаңғыртудағы рөлі мейлінше талдап-тарзыланады. Сонымен қатар осы мәселеге қатысты мұрағаттардан алынған «Туркестанские ведомости», «Ақ жол», «Шолпан», т.б. газет-журнал материалдарын да молынан қолданған автор тақырыпты барынша ашып көрсетуге хал-қадерінше тырысып бағады.

Сонымен қатар ұлт зиялысы, Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытұлының музыка тақырыбындағы рухани мұрасы сол кезеңдегі баспасөз материалдары негізінде біршама сарапталып, әсіресе, оның «Музыканың пайдасы», «Асыл қазына жиналса екен», т.б. мақалаларына кеңірек тоқталады. Яғни осы мәселеге қатысты мұрағаттардан алынған «Ақ жол» газетіндегі мәні жоғалмаған жоғарыдағы мақалаларды да мейлінше кәдеге жаратқан автор тақырыпты барынша ашып көрсетуге ұмтылады.

«Рухани жаңғырудың» басты тірегі, «Мәңгілік ел» идеясының негізі саналатын ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселесі, Алаш баспасөзінің ұлттық музыка өнеріне қатысты көзқарасына ғылыми тұрғыда оң баға беру, бәсекеге қабілетті біртұтас ұлтты қалыптастырудағы төл тарихымыздың зерттеушілер назарынан тыс қалған кейбір тұстарын қайта қарастырудың маңыздылығы, Тәуелсіздікті тұғырлы етудегі, ұлт рухын көтерудегі бұл ғылым саласының өскелең ұрпаққа ықпал-әсері де назардан тыс қалмаған.

Кілттік сөздер: Рухани жаңғыру, Мәңгілік Ел, музыка, Алаш баспасөзі, баспа, музыка өнері, ұлт мұрасы.

Якуб А.Ә.^{1*}, Купбаева Р.М.², Шекербеков Қ.М.³

¹старший преподаватель, МКТУ им. Х.А. Ясауи², г. Шымкент, Казахстан

²старший преподаватель, Шымкентский университет³, г. Шымкент, Казахстан

³старший преподаватель, Шымкентский университет

г. Шымкент, Казахстан, E-mail: shkm_79@mail.ru

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ О МУЗЫКЕ В ПЕРИОДИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ АЛАШ

Аннотация

В статье освещается проблема музыки в периодических изданиях колониального периода, в прессе Алаш в Советском Казахстане, подробно анализируется роль процесса «Рухани жаңғыру» в эпоху независимости в модернизации исторического сознания. Кроме того, автор, использовавший материалы газет и журналов из архивов «Туркестанские ведомости», «Ақ жол», «Шолпан» и др., постарался максимально раскрыть тему.

Не остались без внимания и вопросы популяризации национальных ценностей, которые являются главной опорой «Рухани жаңғыру», основой идеи «Мәңгілік Ел», научной позитивной оценки взглядов

прессы Алаш на национальное музыкальное искусство, важности переосмысления некоторых моментов нашей истории в формировании конкурентоспособной единой нации, влияния этой отрасли науки на подрастающее поколение в становлении независимости, поднятии духа нации.

Ключевые слова: Рухани жаңғыру, Мәңгілік Ел, музыка, периодические издания Алаш, издательство, музыкальное искусство, наследие нации.

A.A. Yakub^{*1}, R.M. Kupbaeva², K.M. Shekerbekov³
¹senior lecturer, H.A. Yasawi IKTU, Shymkent, Kazakhstan
²senior lecturer, Shymkent University³ Shymkent, Kazakhstan
³senior lecturer, Shymkent University⁴
Shymkent, Kazakhstan, E-mail: shkm_79@mail.ru

SOME QUESTIONS ABOUT MUSIC IN ALASH PERIODICALS

Abstract

The article highlights the problem of music in periodicals of the colonial period, in the Alash press in Soviet Kazakhstan, analyzes in detail the role of the "Rukhani Zhangyru" process in the era of independence in the modernization of historical consciousness. In addition, the author, who used in abundance the materials of newspapers and magazines from the archives of "Turkestan Vedomosti", "Ak Zhol", "Sholpan", etc., tried to reveal the topic as much as possible.

The issues of popularization of national values, which are the main support of "Rukhani Zhangyru", the basis of the idea of "Mangilik El", the scientific positive assessment of the views of the Alash press on the national musical art, the importance of rethinking some moments of our history in the formation of a competitive united nation, the influence of this branch of science on the younger generation in the formation of independence, raising the spirit of the nation, have not been ignored.

Keywords: Rukhani zhangyru, Mangilik el, music, periodicals Alash, publishing house, musical art, heritage of the nation.

Кіріспе. Ел тарихын тану – ең маңызды міндет. Қуатты Қазақстанымыздың Тәуелсіздік жылдарындағы тарих ғылымын дамытудағы қомақты жетістіктері жаһандық сын-қатерлер төніп тұрған тұста ұлттық болмысымызды сақтаумен бірге, өскелең ұрпақтың рухани толысуына да мейлінше ықпал ететіні даусыз. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының да басты көздегені осы.

Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев та өз Жолдауларында төл тарихымыздың түйткілді мәселелеріне ұдайы тоқталып, бағыт-бағдар берумен бірге оң бастамалардың баяндылық табуына мұрындық болып отырды.

Ал біз зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған Алаш баспасөзіндегі музыка мәселесінің әлі де болса індете зерттелмегені көпке аян. Демек, бұл тың тақырыпты ғылыми тұрғыда саралау да бүгінгі таңда өте өзекті болып отыр. Сол себепті біз де негізінен Кеңестік Қазақстанның 20-30 жылдарындағы қоғамдық-әлеуметтік пікірлердің ұйытқысы болған «Ақ жол» газетінде жарияланған музыка турасындағы мақалаларға кеңірек тоқталу арқылы тың деректерді айналымға енгізудің, жаңа мұрағаттық құжаттарды игерудің маңыздылығын қайта қаперге салғымыз келеді.

Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Н.Назарбаев та «Тарих толқынында» атты еңбегінде ұлттық нығаю жолында қазақ тілін қарыштата дамытудың маңызы жоғарылығын, тарих толқынындағы елдің өткен шежіресін қайта саралаудың сәті туғанын жеткізсе [1], бүгінгі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Туған тарихымызды зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс [2], - деп тарихи сананы қалыптастырудың «Рухани жаңғыру» жолына түскен ұлт үшін ерекше міндет екенін баса айтады.

Еліміз тәуелсіздігін жариялап, егемендікке қол жеткізгелі бері ұлттық тарихымыздың беймәлім беттері қайта қарастырылып, жан-жақты зерттеліп жатыр. Осы тұста Алаш оқығандарының бабалар аманатын мінсіз атқаруға барын салып, ұлттық мәселелерді өздері қызмет атқарған мерзімді басылымдарда ұдайы көтеріп, ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек еткені де біздіңше ұмыт қалмауы керек. Өйткені олар ел ертеңі үшін қызмет етті, жалған жалаға ұшырап, большевиктік идеологияның құрбаны болды.

Мақсаты. Яғни, осынау зерттеу жұмысының да басты мақсаты – «Ақ жол» секілді Алаш баспасөзін сенімді дерек көзі ретінде кәдеге жарата отырып, музыка турасындағы ұлт тұлғалары толғаныстарының қоғамдық өміріміздегі маңыздылығын айқындап көрсету, дереккөздерді кейінгі тарихи зерттеулерде қолдану мүмкіндігін анықтау болып отыр. Осыған байланысты бұл бағыттағы зерттеу жұмысының таяу болашақта алдына қойылған міндеттері де төмендегідей болуы тиіс деп білеміз:

- «Ақ жол» газетінде, жалпы Алаш баспасөзінде музыка тақырыбында қалам тартқан тұлғаларды айқындау;

- 1920-1925 жылдар аралығында ұлттық музыка өнерін көтеру, дәріптеу бағытында жарияланған материалдардың маңыздылығын талдау;

- «Ақ жол» газетінің беттерінде білім саласын бойынша жарияланған мақалаларды талдап, сол кезеңде мектептерде музыка пәнін оқытудың қалай сипатталғанын саралау, т.б.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер. Жалпы біз бұл мақалада 1920-1925 жылдар аралығында жарық көрген «Ақ жол» газетінің, төңкерістен кейін қазақ қоғамының «көзі, құлағы һәм тілі бола білген» басылымның жарияланымдарына сүйеніп, соған сай шағын зерттеудің хронологиялық шеңберін де мерзімді басылым жарық көрген 1920-1925 жылдар аралығымен шектеп, бірнеше әдіс-тәсілдері қолдануға тырысып бақтық. Былайша айтқанда, мәселені зерттеуде нақты фактілер мен дәлелдерді мұрағат және газет-журнал материалдары арқылы салыстыра көрсету басшылыққа алынды. Сонымен бірге зерттеу барысында саралау, талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалы, теориялық таным, тарихи зерттеу тәсілдері қолданылды.

Нәтижелерді талқылау. Сондай-ақ біздіңше зерттеу жұмысындағы нәтижелерді талқылаудың да маңызы бөлек. Яғни, «Ақ жол» газетіндегі осынау музыкаға байланысты материалдардың біріншіден, мұрағаттық құжаттар ретінде бәсі жоғары болса, екіншіден, тақырыпқа байланысты қарастырылған маңызын жоғалтпаған мақалалар болашақ монографиялық зертеулерге түрткі болып, ғылыми тұжырымдар негізінде жасалған теориялық қорытындылар мен ізденіс нәтижелері қазақ баспасөзінің даму бағыттарын айқындауға септігі тиіп жатса, ғылыми еңбектер, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарды дайындауда кәдеге жараса, нұр үстіне нұр.

Зерттеу жұмысының нәтижелері. Ал зерттеу жұмысының нәтижелеріне келер болсақ, біздіңше, «Ақ жол» газеті сол кезеңдегі қазақ газеттері арасынан алғаш рет жүйелі түрде музыка мәселесіне баса маңыз беріп, арнайы айдар тақпаса да тұщымды мақалалар жариялап отырды. Ол материалдардың денінің дереккөз ретіндегі ақпараттық мүмкіндігін жоғары бағалауға болады деген ойдамыз. Осыған байланысты зерттеу жұмысының мынадай маңызы мен жаңалықтарын атап көрсетеміз:

«Ақ жолды» шығарушылар қатаң сүзгі мен цензураға қарамастан, халқымыздың ұлттық музыка өнерін дәріптеуді дәстүрге айналдырып, саз өнерін сарапқа сала келе мәселеге сол күнгі талап тұрғысынан баға беріп отырған;

«Ақ жол» газетіне сипаттама жасай отырып көкейге түйгеніміз: басқасын айтпағанда, газет көтерген бір ғана музыка төңірегіндегі түйткілдер мерзімді басылымның ұлттық сипатын айқындайды. Осыған сай басылым бетінде жарияланған бірқатар мақалалар талданып, ғылыми айналымға ұсынылды. Газеттегі көрсетілген мерзімдегі қозғалған мәселелер талданды; қазақ жастарын білім алуы, ұлттық болмысты сақтаудағы ұлттық саз өнерінің ықпалы нақты деректер арқылы анықталды; «Ақ жол» газетінің қазақ қоғамында алатын орны мен Қазақстанның баспасөз тарихындағы маңызы айқындалып, дерек көздерімен бірлікте жаңа көзқарас тұрғысынан баяндалды.

Ал жалпы музыка мәселесіне келер болсақ, Кеңес үкіметі орнамаған, Патшалық Ресей билік құрып, отарлау саясаты бел алған тұста да баспасөзде ұлттық музыка мәселесі аса көп көтеріле қоймаған сияқты. Мәселен, 1870-1917 жылдар аралығында жарық көріп отырған «Туркестанские ведомости» газетін алайық. Негізінен еліміздің оңтүстігіндегі елдің тыныс-тіршілігінен хабар беріп, отарлау саясатына арналған очерктер, шағын заметкалар, корреспонденциялар, мақалалар беріп отырған басылым бәзбірде жергілікті жұрттың этнографиялық ерекшеліктеріне баға беріп, отырғанымен, ұлттық музыка мәселесін қоғам талқысына салуға қырын қарағанға ұқсайды. Себебі «... бұратана жұрттың көзін ашып, орыс жұртшылығымен, оның рухымен бірте-бірте жақындастыра беру – аса маңызды мемлекеттік міндетке жатады» [3], - деп түсінген редакция алқасы да, генерал-губернатор Н.П. Кауфманның таңдауымен 1868 жылы редактор болып бекітілген штабс-капитан Н.Маевтың да ұлт өнерінен, дәстүр-салты мен мәдениетінен бейхабар екендігі белгілі болатын. Сондықтан да 1870 жылдың 28 сәуірінен 1917 жылдың 15 желтоқсанына дейін 6406 саны оқырман қолына тисе де, самодержавиялық саясаттың шеңберінен шыға алмаған газет орыс қоныс аударушылары үшін жайлы жерлерді іздестіріп, игеру секілді мәселелерге баса назар аударып, ара-тұра қазақтардың тарихына да атүсті үңіліп отырғанымен ұлттық

музыка мәселесіне терең бойлай алмайды. Өйткені газет материалдарында жай ғана баяндау басым болғандықтан да болса керек, деректік тұрғыдан құнды десек те, сапасы жағынан сын көтермейтінін айтуымыз керек-ақ.

Ал Кеңестік кезеңдегі баспасөзге келсек, Түркістан коммунистер партиясының Кіндік комитетінің тілі саналып, саясат - шаруашылық, білім - әдебиет турасындағы айында бір шығатын қырғыз-қазақ журналы ретінде белгілі болған, И.Токтыбаев шығарып отырған «Шолпанда» 1922 жылы Х.Досмұхамедов «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы жайынан қысқаша баяндама» атты көпке мәлім мақаласында 1921 жылдың басында Түркістан халық-ағарту комиссариатының жанында ашылған комиссияның шешімімен қазақ-қырғыз мектептері үшін оқу кітаптарын даярлау мақсатында А.Байтұрсыновтың «Әліппе», «Тіл құралы», «Баяншы», М.Дулатовтың «Есеп құралы», И.Токтыбаевтың «Жағырафия сөзі» т.б. оқулықтардың баспа бетін көргендігі баян етілгенімен, музыка оқулығы туралы ештеңе айтылмапты [4]. Тек Ә. Диваев материалдарынан бір терме кітаптың дайындалып жатқандығын, әлі басуға алынбағандығын жеткізіпті. Яғни ұлттық турасындаға тұщымды толғамды бұл журнал беттерінен де кездестіре алмадық.

Әрине, біз сол кезеңде «Бірлік» қауымының кіндік кеңесінің Омбыда барлық қазақ-қырғыздардың съезін жасап, саяси мәселелерден бөлек, өнер таратуға да ерекше назар аударып, театр, музыка үйлерін, сурет өнері дамытуды, өлең-әнді де қағыс қалдырмай, музей ашуды мұра тұтып, зиялылар талқысына салғанын, ұлт оқығандарының бай рухани мұрасының ішінде әндердің де баршылық болғанын жоққа шығармаймыз. Бұл ретте біріншіден Міржақып Дулатұлының «Алаш гимнін» атап көрсетуге болар. Бұл әнді бірқатар зерттеушілер төңкеріс тұсында туған деп жүр. Іле шала 1918 жылы «Абай» журналының жетінші нөмірінде Жүсіпбек Аймауытовтың ұлт ұраны іспетті «Ғаскер» өлеңі баспа бетін көріп, көп ұзамай әні де туғанын білеміз.

Ал Алаштың Ахметінің «Анаға хат» атты әнінің түрмеде туғандығы аз жазылып жүрген жоқ. Одан бөлек Байтұрсынұлының «Аққұм», «Кәмшат бөрік» деген әндері де бар екен. Осы секілді мысалдарды көптеп келтіруге болар, алайда музыка туасында аз-кем мақалаларды біз тек «Ақ жол» беттерінен ғана таптық.

Жалпы 1920 жылы 4 қазанда Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғандығын жариялаған Қазақстан Кеңестерінің I Құрылтай съезінен кейін кеңес үкіметін берік орнықтыру мақсатында ұлттық баспасөздің іргесін қалау керектігі ескеріліп, Қырғыз мемлекеттік баспасы (Қазмембаспа) құрылған соң-ақ республикада қазақ тіліндегі кітаптардың көптеп басылып, жаңа газеттердің жарық көре бастағаны белгілі [5].

1920 жылы сәуір айынан бастап Ташкентте аптасына екі рет шығып тұрған «Жаңа өріс» газеті 14 нөмері жарық көрген соң жабылып, оның негізінде Түркістан орталық партия комитетінің тілі ретінде 1920 жылдың 7 желтоқсанынан 1925 жылға дейін «Ақ жол» газеті Ташкент қаласында басылып келді. ТКП ОК мен ТүркОАК органы ретінде аптасына 2 рет оқырманмен қауышып, 12 мың данамен тарауға тиіс болған басылымның алғашқы шығарушы редакторлығына Сұлтанбек Қожанов бекітіліп, жауапты хатшылыққа Міржақып Дулатов лайық деп танылып, Иса Тоқыбаев, Хасан Алиев, Абдулла Байтасов, Қоңырқожа Қожықов, Хади Илаев, Ғабит Алпаровтар қызмет істеген редакция шын мәнінде ұлт сөзін сөйлеп, ел мүддесін көздеді.

1920-1925 жылдар аралығында онда С.Қожанов, С.Оспанов, Н.Төрөқұлов, С.Асфендияров, М.Дулатов, И.Тоқыбаев, Қ.Құлетов, М.Қайыпназарұлы, С.Сәдуақасов, Ж.Арыстанов т.б. тізгін ұстап, Алаштық идеяны ту ете отырып, ұлттық тұтастықты ұлықтауға бел шеше кірісіп, ұлт ұпайын түгендеуге күш салды. «Басқармадан», «Сыртқы хабарлар», «Ішкі хабарлар», «Бұйрық- жарлықтар» сияқты тұрақты бөлімдері болған, «Әйел теңдігі», «Жастар арасында», «Ресми бөлім», «Елден», «Басмашылар тарихы» айдарлары редакцияға түскен мақалаларға байланысты газет бетінде көрініп отырды.

Басылымда кезінде жарық көрген «Халық ағарту жайы» атты маңызы бөлек мақалада автор: «...Бұл күнде Кеңес хүкметі сауатсыздықты жоймақ. Балалар түгіл хат танымайтын үлкендер де болмасын. Бізде қазір үлкендерді оқытатын түгілі, ең азы бастауыш мектептер үшін оқу құралдары жоқ. Мектептен тысқары кітапханаларда жастар һәм үлкендер оқитын жай кітаптар жоқ. Бастауыш мектептерде оқытатын жеткілікті мұғалімдер жоқ. Саны аз, білімі кем, оқыту ісіне олақ мұғалімдерімізге жолбасшы кітаптар, яки шығып тұрған журналдар жоқ. Қалада болсын, далада болсын бір де коммуна мектеп үйі жоқ. Мұғалімдер даярлап шығаратын бір семинария, я бір институт жоқ» [6], - деп Кеңес үкіметі аяғынан тұра қоймаған алғашқы жылдарда білім беру саласынның ахуалы өте күрделі болғандығын ашық жазып, бұл мәселеде шешімін таппаған шаруаның көп болып тұрғанын тарқата талдапты.

Ал осы тақырыпты газет бетінде ары қарай жалғай талдап, қоғам талқысына салған келесі бір «Тілжан» деген бұркеншік есімді тілші газеттің келесі санында-ақ үн қоса пікір білдіріп: «Оқу кітаптары керек» деген жарияланымында: «... Оқу ана тілінде үйретілсе, жеңіл һәм орнықты болуына ешкімнің таласы болмаса керек. Мұны Николай үкіметі де мойындап, оқу министрінің 1907 жылдың 1-декабрында бұратаналар мектептерінде алғашқы жылдары оқу ана тілінде болсын деп шығарған жарлығы бар...Тиісті кітабы болмаса болмаса, ана тілінде сабақ оқыту деген іске аспайтын тәтті қиял, жақсы идея болып қала бермек...» [7], - депті. Шындығында жоғарыда аталған кемшіліктердің барлығын жергілікті биліктің назарына ұсынған ұлт жанашырлары мұғалімі кем мектептің, оқулығы осал оқушының өз биігіне шыға алмайтынын ашық айтқан. Біздіңше, негізгі пәндердің өзіне немкеттілік басым болып тұрған сол кезеңде музыка мәселесі тіпті тасада қалған сияқты. Өйткені бес жыл бойы қаншама саны оқырман қолына тиген газетте музыка жайлы мақалалар саусақпен санарлықтай ғана. Ал ұлттық музыка, дәстүрлі ән, терме тарихы сияқты ұлт мұраларын ұлықтау тіпті елеусіз қалған. Бір жағынан көне мұраның бәріне «ескіліктің сарқыншағы» деп қарап, цензураның қатаң сүзгісінен өткізіп отырған большевиктік билік те рухани қазынамызға мойын бұруға мұрша бермеген болып тұр ғой.

Оның үстіне тіл, дін, діл, жер сияқты ұлттың бар болуын, яки жоқ болуын анықтап беретін аса маңызды мәселелерге басымдық берген басылым музыкаға көп орын беруді де қолай көрмегендей. Газет бетінде музыка өнеріне қатысты арнайы айдардың болмауы да бұл пікірімізді дәлелдей түседі. Бірақ бұған қарап «Ақ жолды» ұлт мұраты жолынан тайды, ел сөзін сөйлеуде азусыз болды деп жазғыруға болмас. Керісінше газет шын мәнінде «халықтың көзі, құлағы һәм тіліне» айналып, ұлттық мүддеге келгенде үнсіз қалмады. Осылайша партия саясатын насихаттату үшін ашылған басылымның кенестік қоғамның жетістігінен гөрі кемшілігін тез көретін «қырағылығын» сын тезіне алып, РК(б)П ОК-нің баспасөз бөлімінде қазақтың мерзімді баспасөзінің өсіп-өрендеуі мен алған бағытын айыққындау барысы 1924 жылы 19 қарашада болған мәжілісте жан-жақты қаралды. Онда бірқатар басылымдармен қатар «Ақ жолдың» редакциялық көзқарасы да қатаң сыналып, газетте партия және идеологиялық бағыттың жоқтығы, оның беттерінде ұлтшылдықты уағыздайтын мақалалардың, өлеңдер мен әңгімелердің жиі басылатындығы баса айтылып, тез арада шара көруге шешім қабылданды.

Ал Ф.И. Голощекиннің билік басына келуі қазақ баспасөзіне деген қарым-қатынасты әбден ушықтырды. Ол И.Сталиннің 1925 жылы маусымдағы «Ақ жол» газетіне байланысты жолдаған хатындағы партияда жоқ зиялыларға байланысты айтылған пікірлерді өзінше ұғынып, «алаштық интеллигенциямен» ымырасыз күресті бастап та деп жіберді [8].

Осылайша көп ұзамай тұсау салынған «Ақ жол» Жетісу мен Сырдария облыстары Қазақ АССР-іне қосылған соң 1925-1927 жылдары Қазақстанның Сырдария облыстық партия, кеңес мекемелерінің органы ретінде Шымкенттен шығып тұрды. Яғни ұлт газетінің белді қызметкерлерінің дені басқа қалаға кетіп, «Ақ жол» Шымкентте губерниялық комитеттің органы ретінде қазақ диқандарының басылымына айналып, көбіне-көп ресми хабарлар берумен шектеліп қалды. Елден келген оқырман хаттары болмаса, мақалалардан да бұрынғыдай ашықтық пен туралық байқала қоймады. Дегенмен 600-ден аса саны жарыққа шығып, ұзын саны он мың данамен таралған «Ақ жол» газетінің өз жұмысын тоқтатуы ұлт зиялыларына да үлкен соққы болды.

Ал «Ақ жолдағы» музыка мәселесіне қатысты мақалаларға келсек, «О.Ж.» деген тілші «Духовой музыка» атты қысқа ғана ақпараттық материалда былай делініпті:

«Ташкенттегі қазақ институтында биылғы сентябрьден бастап музыка үйірмесі ашылып еді. Үйірме ашылғаннан бері 15 бала духовой музыканы үйрене бастаған. Қазірде үйренген балалар духовой музыкамен бірнеше орыс, қазақ күйлерін тартуға үйреніп қалды. 1-майда институт балалары духовой музыкамен парадқа шығады. Қазақ оқушыларының бұл күнге шейін духовой музыкаға үйреніп, тұңғыш майданға бірінші ғана шығып отырғаны.

Жасасын жаңа талап өнер мамандары!» [9]. Демек осы шағын мақаладан-ақ қазақ жастарына саз өнерін үйретуде басымдық ұлттық музыкаға емес, Еуропалық мәдениетке берілгені де айқын аңғарылып тұр. Мұнан әрине басылым шет жұрттың әуенін насихаттауды мақсат тұтты деген түсінік орын алмауы керек. Өйткені Жүсіпбек Аймауытов бастап, Қошке Кемеңгерұлы қоштап, Ғабдолла да үн қосқан «Қазаққа пайдалы жас талап» атты мақалада үш автор бір бірінің пікірін құптап, көркем әдебиеттің даму деңгейіне көңіл толлатынын, жас жазушылардың аяқ алысы жаман еместігін жаза келе: «...Жас жазушылар шығып келеді. Оларды қарсы алып, қолтықтан демеп, маңдайынан сипау керек. Бізде ән-күй жағынан, сүгіретшілік жағынан Еуропа тәлімін алып, жетіліп шыққан өнерпаздар жоқ. Қазақтың өзінен композитор, өзінен сүгіретші шықпай, қазақ музыкасы (ән-күй), қазақ тұрмысының айнадай сүгіреті жасалмайды. Қазақша әндеріміз, күйлеріміз нотаға (қағазға) жазылғанмен, қазақ өмірін қандай көп

фотографияға түсіргенмен, өзімізден өнерпаздар шықпай, олар өлі мәтериал болады да жата береді. Ендеше бізге өнер мамандары керек» [10], - деп қазақ музыкасын қарыштата дамытуға қолбайлау болып отырған мәселелерді бүкпесіз баяндапты. Ұлт музыкасының әлемге таныту арқылы ғана оны саф күйінде сақтауға болатынын байыппен жекізіпті. Ал редакция алқасы атынан шығып, бар жауапкершілікті өз мойнына алған, «Қазақта ұлт музыкасы бар ма?» деген талай тартысты талқылауға арқау болған материалда музыканың мәдениеттің ең үлкен белгісі екені атап көрсетіліп, іргелі мәдениетті ұлттардың бәрінде де музыка саласының өсіп-өркендеп бара жатқанына налып, сол музыкадан құр жүрген қырғыз-қазақ халқының өркениет көшінен кейін қалып қоймауына алаңдайды. Озық елдер қатарынан орын аламын десе, мәдениетті жұрттар қатарына қосылуға ұмтылғаны жөн болатындығын да жасырмай айтады.

Шындығында ұлт өнерінің өркен жаюын қалаған басқарманың «Қазақ-қырғыз әнге бай жұрт. Қазақстандық бір жолдас 500-дей қазақ әнін нотаға салған деген хабарды қазақ газеттерінде оқыдық. Бұл кішкене байлық емес. Бірақ, әнге оның құралы болған музыка керек.

Біз осы күнге дейін қазақ музыкасын тудыруға салақ қарап келдік. Көршіміздегі біз қатарлы жұрттар балаларына тым болмаса Еуропа музыкасын үйретіп жатыр. Бізде ол да жоқ. Біздің екі-үш техникумдарымыз бұл туралы ұйықтап жатқан болса, бұдан былай көзін ашып, мұны ескеруі керек болар» [11] деген байламын да теріс дей алмаймыз. Осылайша мәселені төтесінен қойған «Ақжолдықтар» мұнан әрі қарай түйінді тақырыпты тарқата түсіп, «Бізге осы күнде музыка керек пе?», «Керек болатын болса, Еуропа музыкасын аламыз ба? я Күншығыс музыкасын аламыз ба?», «Қазақтың өз музыкасы жоқ па?» деген сияқты қазақ оқығандарын толғандырған сауалдарға жауап іздеуге тырысып бағады.

«Бұрынғы Абылай хәм одан бұрынғы хандар заманында соғыс болғанда қазақ жауға шабарда, он екі музыкадан ән салыпты-мыс» деген сөзді бұрынғы қариялар айтушы еді. Оның рас өтірігін білмейміз» деп тың тақырыптың ұшын шығарған қаламгерлер қазақ сазының сан ғасырдан бері келе жатқан бай тарихы барлығын да емеурінмен ұқтырып, қазаққа музыканың керектігінде еш шүбә болмасқа керек деген тоқтамға келеді. Осы мәселеге қатысты уәж айтушыларға, үн қосып, пікір білдірушілерге де газеттің беті ашық екендігін айтып, Қазақстан хәм Түркістан білім комиссияларының бұл туралы не ойланып, не бітіріп жүргендерін ортаға салса оң болатындығын да билік басындағылардың қаперіне салып, бұл мәселенің бұл күйінде қалмайтынын, Орынборда өтетін қазақ білімпаздарының сиезінде қайта көтерілетінін ескерте кетеді.

Жалпы ұлт оқығандары ішінен аталған тақырыпқа көбірек қалам сілтегендердің қатарына Жүсіпбек Аймауытовты қосуға болады. Тағдыры ауыр тұлға жастардың сапалы білім алуы үшін оқу-ағарту саласында да аянбай тер төгіп, «Тәрбиеге жетекші», «Жан жүйесі мен өнер таңдау», «Психология», «Сабак берудің комплексті жүйе әдістері» т.б. оқулықтарын қалдырып кетті. Жоғарыда айтылған «Ақ жолда» да Алаш үнін бұқараға жеткізіп, музыка мәселесін де өз мақалаларына өзек етті.

Мысалы, «Күйлерді жинау керек» деген көлемі шағын еңбегінде ол оқырманға көл-көсір ой тастап, төңкерістен соң ұлт республикасын құруда құтты қадамдар мен жемісті жетістіктердің көп болып тұрғанына қарамастан, ұлттық музыканың ұлықталмай, ұмыт қалған тұстарын да тамыршыдай тап басып танып:

«... Қазақтың тілі мемлекет тілі болып, кеңседе жүріп жатыр. Қазақ тарихы жазылып жатыр, қазақ әдебиеті жиналып, басылып, балапандап келеді. Мұның бәрі төңкерістің жемісі екенінде дау жоқ.

Әдебиетпен қарайлас деуге болатын ұлт қазынасы-музыка (ән, күй). Қазақтың тұрмыс дүние тануы қандай өзгеше болса, әдебиеті де, музыкасы да сондай өзгеше екені анық. Басқа ұлттардың әнімен қазақтың әні бір емес. Қазақ ұлтының басынан кешірген еркін, жауынгер, сайранды, қуанышты, қайғылы, мұнды күндерін көз алдына келтіруге қазақ әдебиеті қандай айна болуға жараса, ән-күйі, зары, сарыны оданда бетер, оданда нәзік айна бола алады. Көңілдің көлеңкесі ән-күйге түседі. Әдебиеттің айта алмағанын ән-күй айтып береді. Күй халықтың жүрегі ғой, жүрек қалай қақса, әуезде солай толқымақ, бармақта солай билемек. Ән-күй қазақ тарихына бір қымбат дерек, ән-күй (музыка) ұлттықтың бір нысанасы.

Қазақстан оқу комиссариатының тарихтан ұмтылмастай бір қызметі қазақ әндерін нотаға салғызғаны. Қазақ әндерін жанындай сүйіп жинаған нәзік жүректі, аяулы азамат Затаевичке бас иіп құрмет көрсетуіміз керек. Затаевич Қазақстанның әр түкпірінен қазақтың 3 мыңдай әнін жинап, нотаға түсірген. Жинаған еңбегін бастыруға Мәскеуде жүр. Бұл – табылмайтын асыл қазына.

Бірақ Затаевич ылғи ән жинаған, күйлерді жинауға мүмкіндік болмаған» [12], - деп, қазақтың әні қандай көп болса, күйі де сондай көп екендігін қаперге салады да, ән өнері эп-әдемі-ақ насихатталып жатқанын атап көрсетіп, керісінше, қадым замандардан бері желісі үзілмей, атадан балаға мұра болып келе жатқан күйлеріміздің насихаты кемшін тартып, кейбірі тіпті ұмытылып, ұрпақ жадынан шығып бара

жатқандығына алаңдаушылық білдіреді. Әннің елге көп тарағанын, оның себебі біреуден біреу үйренуі оңай болғандығынан екендігін ескерте кеткен автор өз ойын былайша түйіндейді:

«...күй артық көп тараман, өйткені күйші болуға бір жағынан сезгір құлақтық керек, екінші жетік домбырашы, иә, қобызшы болу керек.

Қазақ музыкасын туғызуға, әсіресе, күй керек.

Жаңа талап жастардан музыкаға әуесқойлары шығып келеді. Еуропаның музыка аспаптарын үйренгендер де, үйреніп жүргендер де бар. Әсіресе духовой үйрену бастап келеді. Бірақ қазақ күйлері нотада жоқ болғандықтан, тартатындары ылғи орыс күйлері.

Қазақта «марш» сықылды ескек күйлер көп. «Алшағырдың ащы күйі», «Боз айғыр», «Ақсақ құлан шошыған», «Теріс қақпай», «Азамат қожа», «Бұлан жігіт», «Боз торғай», «Қара жорға», «Тәтімбеттің сылқылдағы», «Бозінген»... сынды күйлер толып жатыр. Нағыз домбырашылар шерткенде тыңдаушының жүйесін босатып, жүрегін елжіретіп жылтатаын күйлер бар. Жүрекке ерлік, қанға от сепкендей, қамалға қарсы шапқызатын уытты дәу пері күйлерде бар. Домбырамен тартқанда сондай әсер беретін күшті күйлер духовой оркестрмен тартылса, үгіт-үндеу орындарында тартылса, тыңдаушының бар тамыры солқылдар еді.

Ауылға, елге шығушы, ойын қоюшы, үгіт сөйлеуші жастар, қызметкерлер духовой оркестрмен жүріп, қазақ күйлерін боздатса, сары дала, заңғар тау жаңғырығып, адамның сай-сүйегі сырқырап еді. Қазақ даласы сыңғырлаған музыка болар еді.

Бұл ой әркімнің басына келетін шығар, әркім-ақ қиял ететін шығар. Ендігі гәп күйлердің қалай жиналу, қалай нотаға түсуінде?

Жақсы күйлер қазақтың қай жерінде болса да бар деп айтуға болмайды. Күйлер белгілі жерлерде, белгілі елдерде ғана қалды» [13].

Расында да Жүсіпбек байқағандай, күйшілік өнер ол кезде Жетісу, Зайсанның астасқан жерлері, Қарқаралының Түркістанмен астасқан жерлері, Ақмола Торғайдың оңтүстігі, Адайда жақсы сақталыпты. Қарқаралының оңтүстігіндегі Сарыбұлақ, Сүйінші елдерінің күй шерткіштігі де ғажап болған екен. Ол жақта ән көп айтылмайды, күй тарту өнерпаздық саналады. Осының бәрін қаперге алған қайраткер мақала соңында ұсынған жобасында қазақ күйін сақтап қалу үшін, ата мұрамызды дамыту үшін жоғарыда аталған аймақтарға аз болса біреу, әйтпесе 2-3 экспедиция жіберіп, жаздың 2-3 айында күй жинап қайтса құптарлық-ақ қадам болатындығын баса айтады. Бұл мақсатқа ұшан теңіз қаржы бөлудің де қажетсіздігін алға тартып, аса көп адамның керегі жоқтығын да жеткізіп, бір экспедициядағы 3-4 азаматтың, яғни бірі қазақ жігіті, бірі күй жазушы, бірі фонографқа түсірушінің бұл міндетті мүлтіксіз атқаруға қауқары жететінін де ашық айтады. Әйтсе де оның айтуынша, күйдің бар ырғағын, нақышын қағазға жазып түсірудің қиындығы, нотаға жазуға аса шеберліктің керектігі, қазақ күйді бөліп-бөліп тарта алмайтындығы – бәрі де ескерілуі тиіс. Былайша айтқанда Алаш зиялысының «Қазақ күйлері жоғалмасын десек, қазақ музыкасы керек десек, тиісті мекеме осы жұмысқа қам істесе жақсы болар еді. Орынсыз елге шығып, ақшаны шығын қылып жүрген экспедициялар аз емес қой. Ең болмағанда солардың бірі қысқартылар.

Бұл мәселе - оқу орындарының, жастардың көтеретін мәселесі. Түртпесе, қозғаушы табылмаса өздігінен еш нәрсе істеле бермейді. Керекті жұмыс деп табылса, фонограф та, кісі де, қаржыда табылады. Тек қолға алу керек» деген орнықты пікірін де теріс дей алмайсыз.

Жалпы Жүсіпбек Аймауытов бұл тақырыпта көп жазған журналист, керемет көсемсөзші. Айталық, «Асыл қазына жиналса екен» атты мақалада ол ғинуардың 6-сында Түмен студенттері үшін мемлекет театрының артистері концерт қойғандағы кештің бұрынғы айналған сауық кештерінен басты ерекшелігі, Затаевич жинаған «Мың бір әннің» ішінен әр рудың ән-күйлерін ойнап, естіртуінде екендігін айта келе, алдыңғы мақалада айтылған ойдың желісін үзбей, әрі қарай жалғап:

«Манағы айтқан асыл қазынаны келешекке қаратып қоя тұрамыз ба? Жоқ, табуға, дүние жүзіне шығаруға қам қыламыз ба? Қылмаймыз деп ешкім де айтпас. Қам істеліп те жатыр дерміз. Әйтсе де тағы бір қозғап өту артық емес. сол еңбек қылған Затаевичті әлі де Қазақстан керек қылу керек.

Қазақтың мың әні жазылыпты. Жақсы. Қазақта жалаң ән ғана емес, сол шамалы күй де бар. Күй әлі жазылған жоқ. Әннен де күй терең, күй қадірлі. Әннің айта алмағанын күй айтып береді. Музыка жүзінде қазақтың әні ғана жарыққа шығып, күйі көмулі қалса, қазақ жүрегін жарымы көрініп, жарымы қалтарыста қалғанмен бір есеп. Әннен де күй артық. Күй қымбат. Әнді кім болса да сол үйрене алады. Күйді кім болса сол тарта, шерте алмайды. Әнді оркестрде тарта беруге болмайды, болса да келте, оңсыз келеді. Күйді аспаппен тартуға қолайлы, сәнін, сәулетті. Қызылордада екі-үш скрипкамен «Азамат қожа» күйін тартқанын естігеннен де домбыраның дауысынан әлдеқайда әсерлі, күшті көрінді. Адамды желпіндіріп, желіктіріп, еліктіріп әкетті. Ән олай емес. Әннен де күй кәрі. Күй қартайып, жоғалып

барады. Азып барады. Күйді күйттейтін ел азайып барады. Күйсіз ойын-сауық құруға болмайды. Күйсіз әскер болып, жауға шабуға болмайды. Күйсіз қазақ музыкасының ажар-көркі кірмейді, күйі келмейді. Олай болса Қазақстан Оқу комиссариаты күйді тасқа бастыруға салақсымай, қам қылу керек»[14], - деп, күйдің де, күйшілік өнердің де жаңа заман, жаңа қоғам орнасымен «ескіліктің сарқыншағы» ретінде қадірсіз болып отырғанын ашына айтып, әлі де болса қолда бар, ел арасында сақталған күйді жаздыруға Затаевич сықылды зерделі адамдарды көптеп тартып, фонограф аспабымен елге шығуды, аз елдегі атакты күйшілерді ордаға алдырып, жазып алуды кешеуілдетпеу керектігін де ескерте кетеді. Қай елде қандай күйші бар екенін сұрастырып, газетке жазып, білуге болатындығын да қаперге салады. Мысалы ретінде ол Семей, Бұқтарма үйезі, Күршім-Алтай болысы, 5-ауылдағы Ырысбай Талысбайұлы, Өскемен үйезі, Ұлан болысы, 4-ауылда соқыр ақын, әрі күйші, жатқа білмейтін қиссасы кем Әубәкір, Құранды жатқа білетін қари, Күршім-Алтайдың 4-ауылындағы Шайқы Қосынұлы деген күйшілердің өнерін тиісінше бағалап, елдің ауыз суы құритын осы күйшілерді уездік, губерниялық қалаларға алдырып, сыншылардың сынынан өткен күйшілерді Қызылордаға шақырып, 5-10 күйшінің білгенін қағазға түсірсе де, біраз нәрсе жиналатындығын баса айтып, оқу комиссариатынан түйінді мәселенің оңынан шешілуіне ықпал етіп, бақылауға алуын да базына етіп жеткізіпті.

Одан бөлек, «Ән-күй жайында» атты еңбегінде: «...Әр ән өз өлеңімен айтылу керек. Өлеңдері бар. Қолға түсіру кімге болса да қиын емес.

Жалпы мәдениет, әдебиет мәселесі – әрбір ұлттың тарихының төрінен орын алатын қиын мәселе. Солай болған соң, мәдениеттің күрделі тамырының бірі ән-күй әңгімесі де жеңіл емес.

Сондықтан ән-күйдің дұрыс бет алып, бағыты жөнделуіне, көрінген кемшілігіне көңіл бөлу қазақ ән-күй білетін азаматтарының міндеті болу керек. Маңызы өзгеріп, қасиетіне кемшілік келеді.

Сондай «көпшіктер» жалқаулққа, енжарлыққа бастайды. Сұқылдаған Әмірелер хорға қосыла білсе, кесел болмайды. Қайта біріне бар, біріне жоқ солақайлықтан құтылу керек.

Үйренуге кеш еме. Мүмкіндік әлі де бар. Мұнымен Әмірелердің «еркелігіне» нұқсан келеді.

Затаевич пен Ковалев «гармонияға» айналдырып, тартып жүрген ән-күйді, меніңше, тағы бір кемшілік бар. Ол мынау: бұлар ән-күйдің қара қыртысын айналдырып барады. Мәселен, Затаевич күйсандықта тартқан «Қосбдасар» күйі мен Ковалев бастап, күйсандық скрипкаға қосып тартқан «Ақсақал» қалың ел қазағы бірден «мынау біздің төл мал» деп ұғына қоя алар ма екен? Менің шәгім бар» [15], - деп сан түрлі сауық кешін ұйымдастырудың әдемі екендігіне шүбә келтірмесе де, орындаушы атаулының ән-күйдің «нағашы тектерін» де ұмытып кетпегені жөн болатындығын жеткізе кетіпті.

Шындығында өз өмірбаянында «Ақат ағам екеуіміз де әрі молда, әрі етікші, әрі шимайшы, әрі домбырашы, әрі әнші болып өстік. Әкем домбыра тартушы еді. Ақатты бес жасынан алдына алып отырып, домбыра тартып үйреткен еді. Біздерден үлкен екі апамыз болды. Үлкені домбыра тартушы еді, хат танушы еді. Бізге өлең, ән үйреткен екі апамыз еді. Қадікеш деген үлкен апамыз өлең де шығарушы еді. Ұзатылатын қыз жолдастарына шығарған өлеңдерін ұрлап алып оқи беруші едік. Байы өлген қатындарға шешем (Батима) жыр шығарып, үйретіп отырғанын жас кезімде құлағым шалушы еді. Менің 7-8-дегі жалаңбұт жүгіріп жүретін кезімде ойын-сауық болғанда, келіншектер бізді (Ақат ағам екеуімізді) көтеріп әкеліп, етегімізге бауырсақ, құрт салып қойып, қосылдырып ән салғызар еді» деп жазуына қарағанда Жүсіпбек бала шақтан-ақ дәстүрлі өнерге құштар, күйге құмар, әнге әуес болып өскен секілді.

Сонымен қатар қаламгер «Музыканың пайдасы» атты мақаласында:

«...Қазақ халқы бұрын «хор» деген нәрсені білмейтін. Ең көп болғанда екі қыз, екі келіншек, екі жігіт қосылып ән салатын.

Соңғы кездерде Еуропа мәдениеті бізге көріне бастағалы, орыстың айтқан «хорын» еліктеп, біз де «хорға» кіріскеміз. Бірақ біздің «еліктен» туған хорымыз бен негізгі Европа, орыс жұртының арасында жер мен көктей айырма болатын. Ол айырма европалықтардың хор әнінде дауыстары жуан-жіңішке, орта боп тап-тапқа, бірнеше жікке бөлінетін. Ол дауыстардың әрқайсысын жеке естігенде, әрине, түкке де келмейді – хор ән-күй боп ұғынылмайды. Бірақ әрқайсысы өз орнында болып, қосылып айтып кеткенде, бірі гүрілдеп, бірі сұңқылдап, бірі тақылдап, бірі шақылдап, мың құбылып, мұңға шомылып, сыбызғыдай созылып үзіліп-үзіліп алпыс екі тамырыңды қозғағандай ән болып шығатын. Олардың айтушы дауысы тәуір кісілері неғұрлым көп болса, соғұрлым әндері көркейе беретін. Осындай боп қосылған дыбыстардың әдемілігін «гармония» дейді. Ал, бәрінің қосылып айтқанын «хор» дейтін.

Жә, біздің «хор» деп жүргеніміз ше?

Біздікінің бұл айтылғанға он екі де бір нұсқасы келмейтін. Біздің бұрынғы хорымыздың шынын айтқанда бір үйшік қозыны, есік ашып жіберіп, енесіне жібергендегі қозылардың ду қонып маңырайтыны болушы еді ғой. Содан бөтені жоқ десек, дәнін айтқан болармыз. Яғни, біздің бұрынғы «хорымыздың» аты «жамырау» болатын [16], - деп хормен ән салудан әлі қазақтың құралақан екенін қадап айтып, сол кемшілікті жою үшін артистердің тұрлаулы ынтасы керектігін де байыппен жеткізіп, үйреніп жүрген

хорларына бұрынғы намаз сабағындай көңіл қойып, әбден машықтанса, хор репетициясына салдыр-салақ қарамаса, көпке жетпей жетістіктерге иек артатынымызды да тарқата талдап түсіндіреді. Демек, Жүсіпбектің музыка турасындағы көсемсөздері әлі де болса екшеліп, тереңірек зерттеле түссе, табысты ұлттың рухани санасы да өсе түсері даусыз.

Қорытынды

Ұлт мұрасы – ұрпақ қазынасы. Қазыналы қазақ музыкасының да өз өрлеу кезеңі, даму тарихы барлығы ешкімді де күмәндандырмауы керек. Олай болса, Алаш баспасөзіндегі музыка мәселесі де болашақта тереңірек зерттеліп, кеңірек қарастырылса, жаңа мұрағаттық деректердің, маңызды дүниелердің ғылыми айналымға түсіп, рухани мұраларымызды байыта түсетіні де анық.

Елбасымыз Н. Назарбаев та жуырда жария болған «Елдіктің жеті тұғыры» атты сүбелі еңбегінде Тәуелсіздіктің отыз жылдығындағы жемісті жетістіктерге тоқтала келе, болашағы жарқын қуатты елдің ең қастерлі құндылығы – тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, халықтың рухани тірегі іспетті ұлттық мәдениетті ұлықтаудың орны бөлек екендігін ескертіп, рухани-мәдени мұраларға бай халқымыздың ұлттық рухын асқақтата түсу үшін мәдени құндылықтарды дәріптеп, ғылыми ізденіспен ғаламды мойындатудың маңызды екенін баса айтыпты. Демек Кеңестік кезеңдегі музыка мәселесін қарастырғанда да біз «Ақ жол», «Сана», «Лениншіл жас», «Еңбекші қазақ», «Жаңа әдебиет» т.б. басылымдар материалдарына байыппен үңіліп, ғылым кәдесіне жаратсақ, ұтылмайтынымыз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. *Тарих толқынында*. – А., 2003. – 188-189 бб.
2. Тоқаев Қ. *Тәуелсіздік бәрінен қымбат* // *Егемен Қазақстан*, 5 қаңтар, 2021 жыл.
3. Жақыпов М. «Туркестанские ведомости» газетінде Патшалық Ресейдің Мырзашөлді отарлау саясатының жазылуы. *Автореферат*. – А., 1997. – 12 б.
4. Досмұхамедұлы Х. *Қазақ-қырғыз білім комиссиясы жайынан қысқаша баяндама* // *Шолпан*, 1922 жыл, №1, 51-52 бб.
5. Тұрсын Х. «Ақ жол» газетін ақтарсақ... // *Түркістан*. 2012, 29 наурыз.
6. Халық ағарту жайы // «Ақ жол», 1921 жыл, 9 январь. №12.
7. Оқу кітаптары керек // «Ақ жол», 1921 жыл, 2 январь. №13.
8. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. *Тарих тағылымы не дейді?* – А., 1993. – 208 б.
9. «Ақ жол», №565. 23 апрель, 1925 жыл.
10. «Ақ жол», №512. 11 декабрь, 1924 жыл.
11. «Ақ жол», №443, 11 май, 1924 жыл.
12. «Ақ жол», №539, 18 февраль, 1925 жыл.
13. Сонда.
14. Аймауытов Ж. *Асыл қазына жиналса екен. Шығармалар жинағы, 6-том*. – А., 2013. – 242-244 бб.
15. Аймауытов Ж. *Ән-күй жайында. Шығармалар жинағы, 6-том*. – А., 2013. – 291-294 бб.
16. Аймауытов Ж. *Музыканың пайдасы. Шығармалар жинағы, 6-том*. – А., 2013. – 363-365 бб.

References:

1. Nazarbayev N. *Tarih tolkininda*. – A., 2003. – 188-189 bb.
2. Tokayev K. *Taelsizdik barinen kimbat* // *Egemen Kazakstan*, 5 kantar, 2021 jil
3. Jakipov M. «Turkestanskije vedomosti» gazetinde Patshalik Reseidin Mirzasholdi otarlau sayasatinin jazilii. *Avtoreferet*. A. – 1997, 12b
4. Dosmuhameduli H. *Kazak-kirgiz bilim komissiyasi jaiynan kiskasha bayandama*// *Sholpan*, 1922 jil, №1, 51-52 bb.
5. Tursin H. «Ak jol» gazetini aktarsak .. // *Turkestan*, 2012, 29 nauriz
6. Halik agartu jaiy // «Ak jol», 1921 jil, 9 yanvar. №12
7. Oku kitaptary kerek // «Ak jol», 1921 jil, 2 yanvar. №13
8. Koigeldiev M. , Omarbekov T. *Tarih tagilimi ne deidi?* – A., 1993. – 208 b.
9. «Ak jol», №565. 23 aprel, 1925 jil
10. «Ak jol», №512. 11 dekabr, 1924 jil
11. «Ak jol», №443. 11 mai, 1924 jil
12. «Ak jol», №539. 18 fevral, 1925 jil
13. Sonda
14. Aimauirov J. *Asil kazina jinalsa eken. Shigarmalar jinagi, 6 tom*, A. – 2013, 242-244 bb.
15. Aimauirov J. *An-kui jaiynda. Shigarmalar jinagi, 6 tom*. – A., 2013, 291-294 bb.
16. Aimauirov J. *Muzika paidasi. Shigarmalar jinagi, 6 tom*. – A., 2013. – 363-365 bb.